

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі "Қолдау" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының конкурстық массасын өткізудің ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 желтоқсандағы № 1473 Қаулысы

«Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңының 2-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Конкурстық массаны сатудың:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Қолдау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) үздіксіз жұмысын жүзеге асыру үшін қажетті өндірістің бірыңғай технологиялық циклін қамтамасыз ететін Кәсіпорын мүлкін сатуды бірыңғай лотпен (бұдан әрі – лот) жүзеге асыруды;

2) лотты сатудың әкімшілік шығыстар мен бірінші және екінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасынан төмен емес ең төменгі бағасын белгілеуді;

3) аукционға мемлекет бақылайтын және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің инфрақұрылымын энергиямен, сумен және жылумен жабдықтау және тіршілік әрекетін қамтамасыз ету саласындағы объектілерді пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен келіскен заңды тұлғалардың қ а т ы с у ы н қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

4) конкурстық басқарушыға лотты сатып алушыға меншік құқығы өткен сәтке дейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің инфрақұрылымын энергиямен, сумен және жылумен жабдықтау және тіршілік әрекетін қамтамасыз ету саласындағы үздіксіз шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін шарттар жасасу құқығын беруді көздейтін ерекше шарттар мен тәртібі белгіленсін.

2. Бірыңғай лотты сатып алушыға Кәсіпорын қызметкерлерінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді қабылдауды көздейтін қосымша т а л а п т а р б е л г і л е н с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс м и н и с т р л і г і н е жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*